

Ата-аналар комитеті жиналысының
ХАТТАМАСЫ № 1

№ 25 орта мектеп

Қожабақы ауылы
29 тамыз, 2024 жыл

Қатысқандар: 1-11 сыныптың сынып жетекшілері, Ата-аналар комитетінің мүшелері, Мектеп әкімшілігі

Күн тәртібінде:

№ 25 мектепте жаңа 2024-2025 оқу жылының басталуы, 5 күндік оқу аптасына сәйкестеп сабақ уақытын, сабақ кестесін, сабақ регламенті бекіту.

Тындалды:

Мектеп директоры: Т.Әбжәлел

Жаңа оқу жылының басталуы, сабақ кестесінің жасалуы, сонымен қатар барлық талаптарға сай жүргізілу керек деп есептеймін.

Мектеп директорының оқу ісі-жөніндегі орынбасары: Қ.Қуандықов

2024-2025 оқу жылындағы сабақ кестесі, сабақ регламентін ата-аналарға таныстырды

Мектеп бойынша ата-аналар комитетінің төрайымы: А.Әлиева

2024-2025 оқу жылына ата-аналар комитетінің төрайымы қылып мені сайлап жатырсыздар көпшілікке қосыламыз. Бірлесе жұмыс жасаймыз. Белсенді ата-аналардың бірімін. Мен де мектеп әкімшілігінің жасаған сабақ кестесі, сабақ регламенті, жұмыс барысы, жоспары маған ұнайды, келісемін, қосыламын. Балаларыммен бірге мектептің бар жұмысын көріп жүрмін. Алдағы уақытада қатысамын.

Ата-ана: Оразымбетова Айсауле: Мен сынып жетекшілер арқылы байланыс жасап отырамын. Мектеп жұмысынан хабарым бар. Баламның сабақтан келуі, қайтуын қадағалап отырамын. Қосымша сабағы қай күні болатынын сонан-ақ сабақ кестесі тұрақты, балам сабақтан мүмкіндігінше себепсіз қалмайды.

Ата-ана: Абдраманова Гулжанат: Мен өзім осы кезде мектепте жұмыс жасаймын. Мектептің ішкі тәртіп ережелері таныс. Мектепте сабақ кестесі ілініп тұрады. Сонан бәрін көруге болады. Ата-ана ретінде электрондық күнделіктен қарауға болады. Қазір балаға бар жағдай жасалған. Қолжетімді. Сондықтан мен мектептің сабақ кестесі жылда талапқа сай жасалады, оқушыларға үзіліс уақыты да тиімді жасалған.

Ата-аналар комитетінің мүшелері қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Білім туралы заңдары стандарттарын қатаң сақтай отырып, бала құқығын қорғауды назарға алып, 5 күндік оқу аптасының сабақ кестесін, сабақ регламентін дұрыс жасау мектеп басшылығынан сұралсын.
2. Сабақ регламенті екі сабақтан кейін және 4 сабақтан кейін II ауысымда да 15 минуттан үзіліс жасалынсын.

Мектеп директоры:

Хатшы:

Т.Әбжәлел

А.Әлиева

